



Тел.: +7 727 331 31 34
Факс: +7 727 331 31 35
info@bdokz.com
www.bdokz.com

ТОО "BDO Kazakhstan"
ул. Габдуллина, б
Алматы, Казахстан
A15H4E3

Tel: +7 727 331 31 34
Fax: +7 727 331 31 35
info@bdokz.com
www.bdokz.com

BDO Kazakhstan LLP
6 Gabdullin Street
Almaty, Kazakhstan
A15H4E3

Исх.№ A89/1

**«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ
басшылығына**

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Біз «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның (бұдан әрі – «Қор») 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Аудиттің мақсаты Қордың 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған қаржылық есептілігіне қатысты пікір білдіру болды. Аудит сонымен қатар ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді өзірлеу мақсатында Қордың қаржылық есептілігін дайындаумен және дұрыс ұсынумен байланысты ішкі бақылауды қарауды қамтыды.

Бұл хаттың мақсаты – ішкі бақылау, бухгалтерлік есеп, басқару және өзге де операциялық мәселелерге қатысты өте маңызды бірқатар мәселелерге назар аудару. Осы хатқа қосымшада біз олардың мәнін, анықталған кемшіліктердің ықтимал салдарын баяндап, өз ұсыныстарымызды ұсындық.

Біздің аудиттің мақсаты Қордың қаржылық есептілігіне қатысты пікір білдіру болғандықтан, біз өзімізге Қордағы барлық кемшіліктерді анықтау міндетін қойған жоқпыз.

Біз, Қорда бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті ұйымдастыруға арналған ескертулердің жоқтығы туралы хабарлаймыз.

Бұл хат аудиторлық есепке қосымша Сіздің пайдалануыңыз үшін ғана дайындалған, оның мазмұны құпия болып табылады және оны басқа адамдар пайдаланбауы керек.

Егер Сізге біздің пікіріміз туралы егжей-тегжейлі ақпарат қажет болса, Сізben кездесуге мүмкіндік бергеніңіз үшін қуаныштымыз.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Қор қызметкерлеріне аудит кезінде көрсеткен көмегі мен ынтымақтастығы үшін шынайы алғысымызды білдіреміз.

Ізгі құрметпен,

«BDO Kazakhstan» ЖШС
директоры

Т.А. Омаров



Товарищество с ограниченной ответственностью "BDO Kazakhstan", зарегистрированное в соответствии с законодательством Республики Казахстан, является участником международного объединения BDO International Limited, британского общества с ограниченной ответственностью, ограниченной гарантией его участников, и является частью международной сети независимых компаний BDO.

BDO Kazakhstan, a limited liability partnership, registered under the laws of the Republic of Kazakhstan, is a member of BDO International Limited, a UK company limited by guarantee, and forms part of the international BDO network of independent member firms.

Кез келген шектеулерді немесе кез келген қосымша талаптарды қоса алғанда, аудиттің жалпы тәсілі мен ауқымы

«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан әрі – «Қор») басшылығы 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған қаржылық есептілігін дайындауға жауапты.

Біздің жауапкершілігіміз, біз жүргізген аудит негізінде қаржылық есептілік туралы пікір білдіруден тұрады. Аудит халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілді. Осы стандарттар бізді этикалық талаптарды сақтауға, сондай-ақ қаржылық есептілікте маңызды бұрмалаудардың жоқтығы ақылға қонымды сенімділік алу мақсатында аудитті жоспарлауға және жүргізуге міндеттейді.

Аудит процесінің бөлігі ретінде біз аудиторлық процедурарапарды жоспарлауға және өткізілетін тестілеудің сипатын, мерзімі мен көлемін анықтауға қажетті ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік алдық. Аудиттің халықаралық стандарттары аудитордан аудит және аудиторлық ресімдер барысында белгіленген елеулі кемшіліктер мен дәлсіздіктер туралы ақпаратты басшылыққа және басшылық өкілеттіктері берілген адамдарға жеткізуі талап етеді.

Біз келесі қызметтерді ұсындық:

- 1) 2020 жылғы 1 қаңтар және 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған қаржылық есептіліктің аудиті.**

Жұмыс қорытындысы бойынша келесілерді дайындағы:

- 1) 2020 жылғы 1 қаңтар және 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған қаржылық есептіліктің аудиторлық есебі.**
- 2) 2020 жылға арналған басшылыққа хат.**

Біздің аудит көлемі бақылау жүйесінің ажырамас тәуекелдері мен тәуекелдерін қарастырғаннан кейін өзірленді. Қорға қатысты аудит көлемін айқындау кезінде бірқатар факторлар, оның ішінде көлемі, ерекше тәуекелдер, өндөлген транзакциялардың көлемі мен түрі, бизнес-ортадағы өзгерістер, корпоративтік мониторингті бақылаудың болуы және басқа да факторлар қаралды.

Біздің қаржылық есептілік аудиті бойынша ресімдеріміз аудиторлық команда айқындаған маңыздылық деңгейін пайдалана отырып, барлық елеулі шоттар бойынша жүргізілді. Маңызды емес шоттарға қатысты аудиторлық топ анықтаған шектеулі ресімдер жүргізілді.

Ұздіксіз қызмет принципіне қатысты елеулі белгісіздіктер

Есепті күнгі жағдай бойынша Қор қызметінің ұздіксіздік қағидатын сақтауға қайши келетін белгілер анықталған жоқ. Біз бұл мәселеге байланысты өзгертілген пікір білдірмейміз.

Қор басшылығымен келіспеушіліктер

Аудит жүргізу барысында Қор басшылығымен келіспеушілік болған жоқ.

Алаяқтықты қарастыру

Біз қаржылық есептілікте алаяқтық немесе қателік салдарынан елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына ақылға қонымды сенімділік алу мақсатында аудитті жоспарлау және оны жүргізу үшін жауап береміз. Біздің аудиторлық ресімдер АХС 240 «Қаржылық есептілік аудиті барысында алаяқтыққа қатысты аудитордың жауапкершілігі» талаптарына негізделген. Біз барлық тексерулерге алаяқтық кез-келген қорда, кез-келген уақытта болуы мүмкін және оны кез-келген адам жасай алады деген түсінікпен қараймыз.

Біз кездесу өткіздік, онда аудиторлық топ мүшелерімен Қордың қаржылық есептілігі алаяқтық нәтижесінде елеулі бұрмалануларға қалай және қайда ұшырауы мүмкін екендігі туралы мәселелерді талқыладық.

Біз алдын ала талдамалық ресімдер, операциялардың сипаты немесе сомасы бойынша ерекше тәуекелдерді зерттеу және алайқтық тәуекел факторларының болу мүмкіндігін қарau арқылы алайқтық салдарынан елеулі бұрмалану тәуекелдерін сәйкестендіру үшін қажетті ақпаратты жинадық.

Жиналған ақпаратты пайдалана отырып, біз алайқтықтың нақты тәуекелдерін анықтап, бағаладық, алайқтықтың анықталған тәуекелдерін зерттеу мақсатында нақты аудиторлық ресімдерді өзірледік және орындағық:

Алайқтықтың анықталған тәуекелдері	Запланированные аудиторские процедуры
Бақылауды байланысты тәуекелі	Есепті күннен кейінгі балансты қарau Аналитикалық шолу Елеулі сомалар мен ерекше операцияларды тексеру Инвестициялық табысты бөлудің өзірленген және қолданылатын өдістемелерін тексеру Қалыптасқан резервтердің жеткіліктілігі мен толықтығын тексеру Менеджмент басқара алатын аймақтарды қарau Бір жыл ішінде операцияларды (журналдық жазба) тестілеу және осы процедураның нақты бағыттарының болмауы туралы шешім қабылдау. Аралық тесттер Үшінші тараптардың растауы
Бағалы қағаздарды әділ және амортизацияланған құны бойынша дұрыс көрсетпеу тәуекелі	
Пайыздық кірістерді/шығыстарды дұрыс көрсетпеу тәуекелі	

Аудиторлық тексеру нәтижелері бойынша есепті кезеңде Қордың қаржылық көрсеткіштерін алайқтық, жалғандық және бұрмалау жағдайлары анықталған жоқ. Жиынтығында маңыздылықтың тривиалды деңгейінен аспаған шамалы ауытқулар осы хатта көрініс таппады.